

**Аманбайқызы Мақпал**[makpal9512@mail.ru](mailto:makpal9512@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Философия кафедрасы,  
Философия мамандығының 2-курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Қ.Б. Данысбекова

XX ғ. 20 жылдарындағы антропологиялық бағыттағы мектептердің ең беделдісі – экзистенциализм. Дәлірек айтсақ, бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан ағым. Экзистенциализм (лат. *existencia* - тіршілік) философиясының қалыптасуына Ж.П.Сартрдың айтуы бойынша С.Кьеркегордың философиясының ықпалы болды. Онымен қоса Ф.Ницшенің волонтаризмі және Э.Гуссерльдің феноменологиясының ықпалы қатты әсер етті деп саналады. Сонымен бірге экзистенциалистер өздерінің көзқарастарын жеткізуде көптен-көп көркем әдебиетке сүйенеді. Олардың қатарына Ф.Достоевский, Ф.Кафка мен Р.Рилькенің шығармаларын қоссақ болады. Еңбектерінде көтерілетін мәселелерді олар философиялық әдістерді пайдалана отырып шешуге тырысты. Экзистенциализмнің француз өкілдері Ж.П.Сартр және А.Камю өздерінің идеясын көркем шығармалар жазумен жеткізді. Дегенмен жоғарыда атап өткен екі философымыздың бірі өзінің философиялық теориялық «Метод мәселесі» еңбегінде экзистенциализмді философия ретінде қабылдаудан бас тартып тек идеология ретінде қарастырса, екіншісі өзін тіпті экзистенциалист ретінде санамаған.

Экзистенциалистердің негізгі тақырыбы – адам болмысы, оның өмірінің мәні, күнделікті тіршілігі, адамның тұлғалық қасиетінің бірегейлігі, оның ішкі сезімімен қоршаған өмір арасындағы қайшылық. Бұл философиялық бағытқа М.Хайдеггер, К.Ясперс, Г.Марсель, Ж.П.Сартр және А.Камюды жатқызамыз. Бірақ экзистенциализмді діни және атеистік жақтарынан алып қарастырады. Мұнда діни тұрғыда қарастыратын ғалымдар М.Хайдеггер, К.Ясперс болса, атеистік жағынан Ж.П.Сартр, А.Камю.

Экзистенция – экзистенциализмнің негізгі ұғымы. Экзистенция дегеніміз не? Бұл адамның күнделікті өмірде ашылып көріне бермейтін тұлғаның ішкі рухани тіршілігі. Экзистенция – адамдар күнделікті өмірде байқамайтын тек қана қиын кезеңде, қыспаққа түскен кездерде ғана ашылады. Бұл тұлғаның тіпті өзі де білмеуі мүмкін жасырын қасиеті. Экзистенциалист ғалымдардың айтуы бойынша адам болмысын түсіну мүмкін емес және оны ғылыми тілмен, ғылыми ұғымдармен жеткізе де алмайды. Болмысты ғылым тани алмайды, тек оның жеке фрагменттерін ғана тани алады. Ғылым дәрменсіз, ол өмірге бағыт-бағдар бере алмайды және адам мәселесін де шеше алмайды. «Адам өзіне-өзі себеп болғандықтан адам өмірі қайталанбайды және сыртқы әлем адам өміріне әсер ете алмайды. Адамға себеп болатын тек қана адам. Адам еркін және еркіндік ол – экзистенция»[2,21-30б]. Экзистенциалистік тұрғыдан алып қарағанда еркіндік жауапкершілікпен ұштасады. Еркіндік адам қашып құтыла алмайтын басына түскен ауыртпалық. Егер адам өз еркіндігінен өз еркімен босаймын десе де болады. Бірақ одан босаған сәтте ақ сен өз тұлғалығыңды жоғалтып біреуге немесе қоғамға, екінші бір жаққа тәуелді боласың. Ондай жағдайда адам жауапкершіліктен босатылады. Адам еріктілігін сипаттағанда оның таңдау жасауы мен жауапкершілігінде деп қарастырамыз. Бұл күнделікті өмірдегі қарапайым не ішемін, не жеймін деген емес, адам болашағына бастау болатын, тағдырын шешетін таңдау. Ж. П.Сартр адамның өз өміріне деген жауапкершілігін түсіндіргенде кез-келген шешім тұлғаның өзіне байланысты дейді. Тіпті өз сұрағына жауап таба алмаған кезде біз белгілі бір адамнан ақыл сұрауға бара отырып, өз таңдауымызды жасаймыз. Себебі, кеңес беруші адамның бізге қандай жауап қайтаратынын өз ішімізде білеміз. Мысалы шіркеу әкесі, атеист ғалым немесе өнер адамын алатын болсақ әрқайсысы өз идеологиясына байланысты жауап береді. Біз сонда өз ішіміздегі шешімді өзге арқылы растату мақсатында барамыз, таңдау жасаймыз.

«Экзистенциализм – бұл гуманизм» еңбегінде Ж.П.Сартр француз студенті жайлы айтады. Ағасы Германияның Францияны оккупациялаған кезінде қайтыс болған жігіттің әкесі Германия жағына шығып соғысқа қатысады. Ағасының кегін алғысы келген інісі Англия жағына шығып немістерге қарсы соғыспақ болады. Бірақ соғысқа аттанайын десе анасын қимайды. Себебі бір ұлынан айырылған ананың бар үміті мен сенімі кіші ұлында. Егер анасының қасында қалатын болса алмақ болған кегі ішіне сыймай барады. Енді соғысқа аттанайын десе Англияға аман-есен оққа ұшпай жетудің өзі екіталай. Жеткеннің өзінде бірден оққа ұшпай кегін қайтара ала ма? Жолда немесе енді ғана соғысқа кіргенде өлер болса кегін де қайтара алмай және анасын да бұрынғыдан да бетер қайғыға салмақ. Бар ісі зая кетеді. Бірақ болуы мүмкін жағдайларды ескеріп анасының қасында да қалып қоя алмайды. Міне осындай сұрақтар қойылады. Мұндағы Ж.П.Сартрдың негізгі айтпағы «қандай шешім қабылдаса да жауапкершілік тұлғаның өз мойнында»[1,71-756]. Адам өзінің тағдырын өзі шешеді, өзін жасайды деген принцип -экзистенциализмнің негізгі принциптерінің бірі.

1905-1980 жылдар аралығында өмір сүрген француз ойшылы, философ, жазушы Ж.П.Сартр өзінің шығармаларында тіршілік және мән, еркіндік, таңдау, жауапкершілік және олардың ара қатынастары туралы мәселелерді көтереді. «Экзистенциализм – бұл гуманизм» трактатында осы аталған категориялардың мағынасын былай түсіндіреді: мысалы шеберді алатын болсақ ол пышақ жасамақ кезде белгілі бір әдіспен жасайды. Және өзінің жасамақ болған затының не екендігін түрі, түсі сипаты қандай болатынын, алдағы уақытта қайда және қалай қолдана алатынын біледі»[2, 15-20б]. Қандай да бір оқуды алатын болсақ та Лейбниц немесе Декартты ондағы болжамдар бойынша кез келген қалау ой мен санаға белгілі бір дәрежеде қатысы бар. Және құдай адамды жаратқан кезде өз ойында адамды белгілі бір түрде елестетеді. Олай болса құдай түсінігіндегі «адам» шебер ойындағы «пышаққа» аналог бола алады. Құдай да шебер секілді адамды жаратқанда белгілі бір әдіспен және белгілі бір мақсатта жасайды. Ал атеистік экзистенциализм бойынша адам ешқандай өлшемге келмейді. Адам өзін өмір сүру барысында өзін жасап барып қана тұлғаға айналады. Бұлай алатын болсақ ешқандай да адамның табиғаты жоқ, ешқандай құдай да жоқ, адам қандай адам болғысы келсе соған лайықты анықтама бере аламыз. Себебі ол тек өмір сүру барысында ғана өзін көрсетіп, қалауын жеткізе алады.

Экзистенциализмнің келесі өкілі А. Камюді алып қарайтын болсақ оның философиясының негізгі тақырыбы өмірдің мәнсіздігі мен мағынасыздығы. Ғалымның айтуынша біздің дүниені үйлесімді, заңды, ұйымдасқан, гармонияда деп қарауымыз біздің сеніміміздің адасқандағы болып отыр. Адам шым-шытырықта, хаоста өмір сүруде. Мұндай дүниеде өмір сүрудің мәні жоқ және одан құтылудың екі жолы бар дейді. Егер Ежедгі Үнді философиясын еске түсіретін болсақ Сидтхатха Гаутама ілімі де мына өмірдің қайғы-қасіретке толы екенін айтқан болатын. Бірақ А.Камю шығатын жолды мүлде басқаша айтады. Бірінші жол –өзін өзі өлтіру. Бірақ А.Камю бұл жолды таңдамайды және қаламайды. Екінші жол –бүліншілік, наразылық. Мәнсіздік пен мағынасыздықты тек қабылдасақ қана онымен күресе аламыз дейді. А.Камю өзінің «Сизиф туралы аңызында» «адамның мәнсіз істерді жасауының себебін түсіну үшін таудан түсіп келе жатқан Сизифті еске алу керек дейді»[3, 44-48б].Онда Сизиф өзінің бар салған күшінің ешқандай да себепсіз екендігін санасында нақты түсініп бірақта көңілі толған күйде сипатталады. А.Камю абсурдтың белең алып үстемдік құратын кезі деп қоғамды күштеп жақсартуға тырысуды: фашизм, сталинизмді және т.б. айтады. Ғалым күштеу мен әділетсіздікке қарсы солардың өз әдістерімен күресу күштеу мен әділетсіздікті тек қана көбейте түседі дейді. А. Камюдің «Бүлік шығарушы адам» эссесінде екі түрлі бүлік шығару айтылады. Біріншісі революциялық, ал екіншісі шығармашылық, метафизикалық бүлік. Революциялық бүлік дегеніміз ол біздің жоқ деп айта алуымыз. Мысалға келтірілген римдегі құлдардың иесіне бас июден бас тартуы немесе каторгадағы орыс террористерінің өз-өздерін өлтіруі бүлік жасау арқылы индивидуалдылықтан шығып коллективті іске айналды. «Мен бүлік жасаймын демек мен өмір сүремін»,[3, 56-66б] -дейді. Ал екінші бүлік шығарушылық шығармашылық жағдайында қарастырылады. Бірақта бүлік шығарушылықты жағымды жағынан

қарастырғанымен А.Камю зұлымдықты түп-тамырымен жою мүмкін емес деген пессимистік көзқараста болды. Мұндай көзқарастары басқа да «Оба», «Бөтен», т.б. шығармаларында көрініс табады. Жалпы айтқанда А.Камюдің есептеуінше экзистенциализм – рухани өмірдің өте күрделі және қайшылығы мол құбылысы. Оған бір нақты баға бере алмаймыз.

Діни экзистенциализм философиясының кейбір өкілдеріне тоқталар болсақ К.Ясперс неміс ғалымы және философы. Экзистенциализмнің діни бағытын ұстанған. Экзистенциализм жайлы айтқанда экзистенция сөзінің көп жағдайда анықталмағаны белгілі. К.Ясперске келетін болсақ ол алғашқылардың бірі болып экзистенция философиясы атты терминді қолданғандардың бірі. «Философиялық автобиография» және т.б. еңбектерінде экзистенция философиясын, оның негізгі тақырыптары мен түсініктерін – дүние туралы сұрақтарды, адам қашып құтыла алмайтын «шекаралық жағдайларды» қарастырып жауап беруге тырысқан. Бірақ орталық түсінік ретінде экзистенция қалып отыр және К.Ясперс қайта-қайта адамның тіршілігінің экзистенциялдығына оралады. Егер біз Ясперстің ойын оқуға тырысатын болсақ онда ғалымның экзистенция түсінігімен индивидтің және де адамзат баласының өмірлік терең мәні бар мәселесін айтып отырғанын білеміз. К.Ясперстің пайымдауынша экзистенция адамның қасірет шегу немесе «шекаралық жағдайында» көрініс береді. Мұндағы айтып отырған шекаралық жағдайымыз – ауру, өлім. Адам басына төнген басқа да ауыртпалықтар. философиясының өзегі – «шекаралық жағдай» (пограничная ситуация) – ауру, өлім, қасірет және басқадай адамның басына төнген ауыртпалықтар. Мен күреспей қасірет шекпей мына жағдайда өмір сүре алмаймын және де кінәні өз моңыма аламын дейтіндей сәттер. К.Ясперс мұндай жағдайларды алынбайтын қамалды мысалға келтіреді. Біз онымен кездескенде ештеме жасай алмаймыз тек біздің болмысымыз қамалмен ұштасып бірігіп кетеді. Оның пікірінше адам табиғат және қоғамның объективті заңдылықтарын игеруге дәрменсіз, тым әлсіз. Қандай индивид болмасын еркек пе әйел ме, жас па кәрі ме барлығы да қайталанбас өзгеше өмір сүреді бірақ олар да шектелген. Күнделікті күйбең тіршілікпен алданып, адам өзінің өткінші екенін және келешекте өлім күтіп тұрғанын есінен шығарып алады. «Тек «шекаралық жағдайдың» қыспағында қалғанда ғана өлім мен өмірдің не екені туралы ойланғанда адам өзінің тұлғалығын сезеді. Осындай жағдайдан шығудың жолы трансцендентальды – жоғарғы болмыспен яғни құдаймен бірігу. Құдаймен бірігу арқылы адамның жасырынып жатқан мүмкіншіліктері сыртқа шығып өмірдің құрсауынан құтылады» [4, 53-57б].

Сонымен қатар діни экзистенциализмнің келесі бір өкілі М.Хайдеггер экзистенциализмді анықтаудан бұрын болмысты қарастырады М. Хайдеггер болмыс мәнін анықтау барысында оның тек адамзат баласына ғана тән қасиет екенін айтады. Ақыл-естің болмыстың мәнін түсіне алтынын және өзінен өткізе алатыны айтылды бірақ ол тек персоналды жеке өзін таниды. Философтың қойған негізгі сауалы – болмыстың мәні адамның іс - әрекеті арқылы ашылады. М.Хайдеггер еуропалық ғылымды сынға алады. Ол кезеңдегі еуропалық ғылым адам баласының болмысын зерттегенде тек қазіргі сәтке басым көңіл бөледі. «Болашаққа немесе өткенге ешқандай да салмақ салынбайды»[5,37-45б] -деген шешім айтқан. Айтылған сындардың маңыздылығының бірі еуропалық философия болмысты объективті тіршілік ету мен материалдық әлеммен тығыз байланыстырғанында болып отыр. ғалымның есептеуінше болмыс субъективті феномен мен имматериалдылықтан бастау алады. Егер адамның өмірінде ой санасының бағыттылығында болашақ басым болса, онда адамның болмысы нағыз тіршілік. Егер адам бүгінгі күнмен (қазір, осында) өмір сүрсе, онда оның болмысы нағыз болмыс емес, өйткені ол «заттар дүниесінен немесе әлеуметтік ортадан шыға алмай өзінің бет – бейнесінен, тұлғалық қасиетінен айырылады. Болмысы жалған адам көпшіліктің арасынан суырылып шығуға талпынбайды, өйткені өзінің қимыл – қылығы үшін жауап беруі керек. Жалған болмыстың адамы өзінің келешегін көре алмайды, «тобырдың» психологиясынан айырылғысы келмейді». Нағыз болмыстың адамы – өзінің тарихын, еркіндігін сезетін адам. Ондай сезіну ерекше дайындықты қажет етеді. Өлім алдындағы адам нағыз болмысты іздемейді және соған жетуге талпынады. Өлім адамның қасында. Сондықтан адам өзінің өмірінің соңы – өлім екенін біле отырып болмыстың мәнін

аша алады. Ол үшін дейді М.Хайдеггер – адам болмысты тыңдай білу керек. Болмысты тыңдау – тіл арқылы жүрмек. Тіл – болмыстың үйі.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сартр Ж.П. Проблемы метода: Пер. с фр. -М.: Прогресс. -1993. -240 с
2. Сартр Ж.П. Экзистенциализм – это гуманизм М.: Наука, 1996. – С. 149
3. Камю А. Бунтующий человек. Философия. Политика. Искусство: Пер. с фр.--М.: Политиздат, 1990.--415 с.
4. К.Т. Ясперс Разум и экзистенция: Канон+РООИ «Реабилитация», 2013. – С.336
5. Хайдеггер М. Время и бытие. М.Москва. 1993 -С.250